



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 ақпандағы N 134 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 ақпан N 121

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "GSM және CDMA стандартты ұялық байланыстардың желісін құру және пайдалану туралы" 1998 жылғы 24 ақпандағы N 134 P980134_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 6, 35-күжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-1 тармақтағы "1998 жылдың IV тоқсанында" деген сөздер "1999 жылдың II жартыжылдығында" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

Қазақстан Республикасында GSM стандартының ұялық байланыс желілерін ұйымдастыру құқығына арналған конкурс өткізу жөніндегі комиссияның құрамына:

Қайрат Сәлімұлы Кәрібжанов - Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм вице-министрі, комиссияның төрағасы;

Асқар Қайратұлы Нәсіев - Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі Ақпараттық жүйелер департаментінің директоры;

Мәдина Жанаталқызы Шаншарбаева - Қазақстан Республикасы Әділет

Министрлігінің заңдар және халықаралық құқық департаменті директорының орынбасары енгізілсін;

Еркін Жәкенұлы Қалиев, Ілияс Әбілқайырұлы Өтембаев, Ғани Берекетұлы Тоқсанбаев көрсетілген құрамнан шығарылсын;

6-тармақтың үшінші абзацындағы "1998 жылдың IV тоқсанында" деген сөздер "1999 жылдың II жарты жылдығында" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК